# SHÁKÁRIM SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №6 (142) маусым


# ҚЫМБАТТЫ ТАЛАПКЕРЛЕР, ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!



Жаңа құрылған Абай облысының бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайтын жетекші жоғары оқу орны – **Шәкәрім университетіне қош келдіңіздер!**

Білім, білім алуға деген ұмтылыс – уақыт, орын, кеңістікке қарамастан дамып, тоқырауға ұшырап, қайта жанданып, өзгерістерге бейім келетін үздіксіз процесс. **Жоғары оқу орнында білім алу** – бүкіл әлемде адам әлеуетін дамыту жолындағы, әр еңбек нарығына қажетті жоғары деңгейдегі дағдыларды қалыптастыратын маңыздылық. Қандай заман болмасын білімге деген қажеттілік жоғалмайтынын, керісінше сұраныстың жоғарылайтынын бүгінгі нарықтық жағдай дәлелдейтіндей.

Ғасырға жуық тарихтың жетістіктерін еселей отырып, біз өңірде өз дамуымызды жалғастыруға және **ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаларды дайындауға ұмтылған университетпіз.**

**Шәкәрім шаңырағы** – педагогикалық, техникалық және аграрлық мамандықтар бойынша үш сатылы білім беру қызметін жүзеге асырып келе жатқан сапалы мамандарды даярлайтын өңірдегі көшбасшы оқу орны.

Біз қоғам мен ғылым арасында, университет пен облыстың педагогика, инжиниринг, технология және т.б. салаларында білім көпірін салудамыз. Бұл біз үшін үлкен жауапкершілік, өнеркәсіп кәсіпорындары, банк, мектептер, шаруашылықтар және түрлі мүдделі тараптармен жұмыс істей отырып, өз күшіміз бен мүмкіндіктерімізді сынап келеміз. Біздің мүдделеріміз қызметтің басқа да салаларын қамтиды.

Дәл қазір Шәкәрім университетінің 50 студенті академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдегі әріптес университеттерден білім алуда. Атап айтсам, Оңтүстік Корея (Кьюнгдонг университеті), Польша(Быдгощ университеті), Түркия (Памуккале университеті, Анкара Қажы Байрам университеті, Диярбакыр университеті). Ағымдағы оқу жылында 100-ден аса білім алушымыз АҚШ, Оңтүстік Корея, Польша, Венгрия және Түркия мемлекеттерінен білім алуға аттанатын болатын. Сондай ақ, «Қосдипломды білім беру» бағдарламасы арқылы екі жыл Шәкәрім университетінде, екі жыл шетелдік университеттен білім алу мүмкіндігі бар.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы студенттердің әлемдік білім кеңістігінде интеграциялануға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған жобаларды іске жобаларын іске асыруда қолдау білдіріп келеді. Жыл сайын студенттеріміз шетелдік гранттық жобаларға қатысып Германия, Франция сынды Еуропа елдерінің стипендиясын иеленуде. Мемлекеттік стипендиядан бөлек университет білімді, қоғамдық жұмысқа белсене араласушы, спорт саңлақтары мен өнер тарландарының үздіктеріне «Шәкәрім» атындағы атаулы стипендияны бөледі. Студенттер үшін барлық жағдайлар жасалған. Жеке дамулары үшін «Шәкәрім интеллектуалды орталығы» жұмыс жасайды.

Шәкәрімнің барлық түлектері университетті бітіргеннен кейін көп ұзамай жұмыс табады немесе магистратура мен докторантурада оқуын жалғастырады. Біздің түлектеріміз жетекші халықаралық IT компанияларда, жетекші халықаралық ұйымдарда жұмыс істейді, мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасайды. Түлектердің жергілікті және жаһандық еңбек нарықтарында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін университет білім беру саласындағы әлемдік трендтермен қатар жүреді деп сеніммен айта аламыз. Түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейін сақтай отырып (90% - дан астам), ЖОО-ның білім беру бағдарламалары «Атамекен» ҰКП рейтингіне сәйкес жыл сайын үздіктер тобына кіреді.

**«Қара суда қаймақ болмайды, хас шеберде оймақ болмайды» дейді.** Гарвард пен Оксфордты оқымай-ақ Шәкәрімнің атын әлемге танытқан өз түлектерімізбен мақтанамыз.

Кешегі әлем барыстары Айбек Нұғымаров, Мұхит Тұрсын, әлемдік пандемия кезінде «Ашық» бағдарламасын ойлап тапқан Архат Бияхметов, Қазақстанның алғашқы медицина физигі Серік Нұркенов, «Әлем мұғалімі» атанған Асхат Жұмабеков, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегерлері, танымал ақындар Мерей Қарт, Біржан Ахмер, танымал журналистер Жанжігіт Омархан, Айбек Қосан және тағы өзге түлектеріміз дәл осы оқу орнын тәмамдаған. Сондықтан, Шәкәрім шаңырағына білім алушы, кейін маман ретінде қосылыңыз!

***Құрметпен,***
***Шәкәрім университетінің***
***Басқарма төрағасы - Ректор***
***Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ***




# ҚАНДАСТАР ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА...



Біз, дүниежүзінің түрлі елдерінде тұрып жатқан қандастарымыздың және көптеген игі істерге мұрындық болып жүрген «Отандастар қорының» өкілдерін, еліміздегі ежелгі жоғары оқу орындарының бірі – Шәкәрім қажы атындағы қара шаңырақта қарсы алғанымыз үшін қуаныштымыз. Аллаға шүкір, мұның өзі бүгінгі шындықтың, яғни мемлекеттік тәуелсіздіктің нәтижесі.

Шындығын айту керек, тағдырдың жазуымен жер бетіне тарыдай шашылған қандастарымыз туралы тәуелсіздік алғанға дейін, сол кездегі қазақ қауымында үстіртін ғана түсінік болды немесе мүлде болған жоқ. Кейбір, шетелдерге қызметпен барып келгендердің ана елде, мына елде қазақты көріп қалдық дегендерінен басқа мәлімет тапшы болды. Елдің тәп-тәуір білгендері Қытайдағы туыстар туралы болатын. Оның өзі де, өткен ғасырдың 60-70 жылдарында екі үлкен елдің арасында орын алған саяси қайшылыққа байланысты мүлде көмескіленді. Тіпті мына көрші Моңғолияда қандастардың тұратыны туралы көпшіліктің хабары да болған жоқ.

Қазір ойлап қарасақ, шынында біздер, еш жақтан хабар алғызбау үшін әдейі түсірілген дейтіндей темір шымылдықтың аржағында болыппыз. Менің өзім тарихшы болғандықтан, сырттағы қазақтар туралы біршама білдім (Хасен Өралтай, Моңғолия, Ауған, Иран қазақтары және т.б.)

Біздің университеттің шетелдік қандастарымызбен алғашқы байланыстарының басталуы 90-жылдардың басына келеді. Алғаш рет 1992 жылы сол кездегі зооветинституттың екі факультетіне 30 баянөлгейлік жастарды қабылдадық. Сол бір қиындау кезеңде осы жастарға бүкіл ұжым қамқор болып еді. Осы басталған байланыс кейіннен біріккен Шәкірім университетінде жалғасып, бүгіндері ол одан әрі тереңдеуде.

Тарихқа қарай көз жүгіртсек 2009 жылы қара шаңырақта алғаш рет шетелдік қандас жастар үшін Қазақстан жоғары оқу орындарына түсулеріне мүмкіндік беретін он айлық дайындық бөлімі ашылды. Дайындық бөліміне түскендер тегін оқумен, білікті ұстаздармен, жатақханамен, спорттық, музыкалық алаңдармен және т.б. қамтамасыз етілді. Бұлардың басым бөлігі Моңғолиядан, ішінара Қытайдан, Ауғанстаннан, Өзбекстан мен Тәжікстаннан келген еді. 2009-2019 жылдардың арасындағы онжылда біздің дайындық бөлімінде 1040 жас жоғары оқу орындарына дайындалды. Бүгіндері олардың біразы Қазақстанда, Моңғолияда және т.б. елдерде қызмет жасайды. Біздер түлектермен байланысымызды мүмкіндігінше сақтауға тырысамыз. Шетелден келген қандастарымыздың бізде оқитын ұрпақтары бүгінде аз емес.



Өздеріңіз жақсы білетіндей тарихи отандарына оралған қандастарымыз қарап отырмай, күнделікті тіршілікке кең араласып, еліміздің көсегесін көгертуге кең ат салысуда. Мен елдің бәріне тоқталмасам да, солардың кейбіреулеріне, тарихшы немесе лингвист әріптестеріме көңіл аударғым келеді. Еліміздің ғылым көгіне тарихшылар, ғылым докторлары, марқұм моңғолиялық Зардыхан Қинаяттың, Қытайдан оралған Тұрсынхан Зәкенұлының, Нәбижан Мұхаметханның және белгілі түрколог Қаржаубай Сартқожаұлының аттары өшпестей болып жазылған десем артық айтпаймын. Осындай еңбекшіл, тамаша, абзал жандар біздің университетте де қызмет жасайды. Солардың қатарында, кезінде Моңғолиядан келген, осы университет қабырғасында жүріп диссертациялар қорғаған, білікті ұстаздар және ғалымдар, доценттер, экономист Биболат Қуантхан мен оның жұбайы, қазақ тілінің маманы Жанбота Секей де бар.

Мен осы жерде тағы бір қандасымыз, қытай тілінің маманы, қарындасым Гүлмира Керімбай туралы айтайын. Тарихи отанына деген ерекше сезімде болған Гүлмира 2000 жылдардың басында Қазақстанға келген, бүкіл туысы сонда қалған. Жезқазған пединститутын бітіреді. Бүгіндері бізде қызмет жасайды. Жалғыздың жары құдай деп жүрген осы адамға, жалғыз басты ана екендігін де ескеріп, университет басшылығы үлкен қолдау көрсетіп отыр.

Біздің университеттегі қызмет жасап жатқан қандасымыздың бірі – Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Берікхан Иісбек. Шыңжаңда туып, ата жұртта мектеп бітірген ол, кезінде кәсіби білім алу үшін, оқуға біздің университетті таңдаған. Студент кезінен жақсы оқуымен, әлеуметтік белсенділігімен көзге түсті. Соның негізінде ғылым докторы сияқты үлкен нәтижеге жеткен. Өмірде өзін-өзі жасап жүрген азаматтар қатарынан. Бүгіндері университеттегі басшылардың бірі.

Біздің қандастарымызбен байланысымыз және оларды қолдауымыз жан-жақты. Мәселен, университет ғалымдары 2008 жылы ақпанда Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің ішкі саясат басқармасының тапсырмасымен, Моңғол Ұлысының Баянөлгей аймағының орталығында, екі жақты келісім бойынша көші-қон мәселесіне қатысты ғылыми-тәжірибелік конференцияны жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізіп берді. Бұл кезінде екі елдің байланыстарын одан әрі нығайтатын дұрыс шара болды деп бағаланған еді.



Ал 2019 жылы шығыс аймақта алғашқы рет университеттің бастамасымен қандастар мен біздерді жақындататын дүниежүзі қазақтарының білім құрылтайын өткізуіміз де елеулі оқиғалардың бірі. Сол жолы Еуропа елдерінен, Түркиеден, Моңғолиядан, Армениядан да қонақтар келген еді. Осындай қандастарға деген риясыз ниеттен туындайтын іс-шараларға біздің университет алда да бастамашы бола бермек. Біздер шетте жүрген қандастарымызды ұлтымыздың ажырамас бөлшегі ретінде ешуақытта есімізден шығармаймыз және оларға деген ыстық ықыласымыз қашанда дайын.

***Мұхтарбек КАРИМОВ***
***тарих ғылымдарының кандидаты, профессор***

# БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САПАЛЫ БІЛІМ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ



Филология факультеті көп жылдық тарихы, қалыптасқан ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар бұрынғы қазақ филология факультетінің дәстүрін жалғастырушы факультеттің бірі. Ол 1939 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті», кейіннен «Қазақ филологиясы» аталған кафедралар негізінде ашылған. Шәкәрім университетінің филология факультеті 2019 жылы қайта құрылды. Әр жылдары декан қызметін п.ғ.д., Т.Қ.Жұмажанова ф.ғ.д., проф. А.С.Еспенбетов, ә.ғ.д., проф. С.М.Борбасов, ф.ғ.к., Ф.З.Жақсыбаевалар атқарды.

Факультетте белгілі ғалымдар мен педагогтар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары мен доценттер, кәсіби деңгейі жоғары мамандар қызмет атқаруда. Оның ішінде 2 ғылым докторы, 6 PhD докторы, 30-ға тарта ғылым кандидаттары мен доценттер, магистрлер бар.

Филология факультеті қазіргі таңда жеті білім беру бағдарламасын, атап айтатын болсақ, Қазақ тілі мен әдебиеті, Филология, Журналистика, Орыс тілі мен әдебиеті, Шет тілі: екі шет тілі, Аударма ісі, Шетел филологиясын оқытып отыр. Осы мамандықтардың Қазақ тілі мен әдебиеті, Филология, Шет тілі: екі шет тілі, Орыс тілі мен әдебиетінің магистратурасы оқытылып және болашақ жоспары бойынша Филология мамандығының докторантурасы ашылмақ. Факультет білім беру бағдарламасына қатты көңіл бөледі. Себебі студенттердің заман талабынан қалмай, мықты маман болып, қазіргі талаптарға сай маман иесін шығару біздің үлкен міндетіміздің бірі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы арқылы интернет журналистика, қазіргі журналистикадағы жаңа форматтар мен жанрлар, орыс тілі мен әдебиеті бойынша заманауи оқу-әдістемелік кешендер, жай сөйлемнің синтаксисі,күрделі сөйлемнің синтаксисі, шет тілін оқытудағы жаңа әдістер, шет тілі бойынша мектепте ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру, қолданбалы лингвитикаға кіріспе, көркем оқу және оның интерпретациясы, аударманың лингвистикалық негіздері / аудармадағы заманауи технологиялар, техникалық мәтіндерді аудару ерекшеліктері, аударманың лексика-грамматикалық мәселелерін тереңдетеміз. Оңтайландырылған білім беру бағдарламасы да қалыс қалып отырған жоқ. Қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі, Филология-журналистика мамандықтары оңтайландырылған білім беру бағдарламасы арқылы қазіргі таңда студенттерді дайындап отыр. Дуалды оқыту түріде бізде қарқынды жұмыс атқарып жатыр. «ERUDIT» Білім-ғылым орталығы, Шәкәрім атындағы көпбейінді гимназия, Облыстық Невзоровтар отбасы атындағы музейі, Абай атындағы ШҚО кітапханасымен дуалды оқыту бағдарламасы арқылы студенттеріміз білім алып жатыр. Оқу үрдісіне практик мамандарды да тартудамыз. Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасына да белсене қатысады. Памуккале университеті (Түркия), Экономика жоғары мектебі, Быдгощи қ. (Польша), Астана-Туран университеті, І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті (Талдықорған қ.), Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ.), Әл-Фараби атындағы Қазақ университеті (Алматы қ.) сынды университеттермен студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алуда. Факультет ғылым, білім, тәрбие таразыларын тендей ұстайды. Сондықтан студенттердің ғылым жолында еңбек етуіне аса көңіл бөлінеді. Start Up жобалар: «Сапалы аудармалар орталығы», «Абай музейі қорындағы хаттар тарихы», «Абай музейіндегі тарихи суреттердің мәдени мұра ретіндегі маңызы», «Shakarim Door» («Шәкәрім шаңырағы») жұмыс атқаруда. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» демекші, студенттердің тағымдылық тынысы мен тәрбиесіне көңіл аударамыз. «СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ» басқару органы, «ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕР АЛЬЯНСЫ», «JAS OTAN» жастар қанаты, «СЕРПІН» іскерлер одағы, «JASYL EL» жастар еңбек жасақтары, «ART UNION» өнерлі жастар ордасы, «ENACTUS» бизнеске баулу ұйымы, «ҚАРАГӨЗ» студент-жастар театры, «Д.БАБАТАЙҰЛЫ» жас ақындар мектебі, «SHAKARIM VOLONTERS» еріктілер клубы, «КОНГРЕСС» дебат клубы, «ПАРАСАТ» дебат клубы, «SHAKARIM PRESS» журналистикаға баулу клубы өз біліктілерін көрсетуде.

Қорытындылай келгенде филология факультетін бітіріп шыққан жас маман сапалы білімге кепілдік, 100 пайызға жуық жұмысқа орналасу және жеке қасиеттерінің (рухани-шығармашылық және ғылыми мүмкіндіктерінің) толық ашылып, толық тұлға ретінде қалыптасуға кәміл сенімді бола алады.

***Шұғыла КЕНЖИНА***
***Филология факультетінің декан орынбасары***






# ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Инженерлік-технологиялық факультет Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтының бірігуімен құралған, өзіндік тарихы бар, мамандарды даярлаудағы алдыңғы қатардағы кәсіптік шеберхана болып табылады.

Бүгінде Шәкәрім университетінің Инженерлік-технологиялық факультетінде техникалық мамандықтар бойынша үш деңгейлі білім беру, яғни бакалавр, магистрлар және докоранттар дайындау іске асырылып келеді. Ғылым мен білімді ұштастыру арқылы сапалы мамандар дайындау, қолданбалы ғылыми зерттеулер заман талабына сай материалдық-техникалық базаны қажет етеді. Теориялық дайындықты тәжірибе жүзінде бекіту үшін факультет ғалымдары аймақтағы ірі жұмыс беруші кәсіпорындармен тығыз байланыста.

Қазіргі уақытта жастар орта білім беру ұйымдарын бітіргеннен кейін өз білімін жалғастыруға кең мүмкіндіктерге ие. Жаңа, ерекше және инновациялық мамандықтардың саны өте көп. Дегенмен, кез-келген экономикалық және саяси өзгерістер болса да мамандар әрқашан қажет болатын адам қызметінің кәсіби бағыттарының белгілі бір қабаты бар. Инженерлік-технологиялық факультетінде сұранысқа ие, болашағы бар білім беру бағдарламалары бойынша студенттер білім алады.

Факультетте 30 жылға жуық тарихы бар 3 диссертациялық кеңес жұмыс жасайды, олардың сапалы жұмыстарының нәтижесінде 10-нан астам ғылым докторлары, 100-ге жуық ғылым кандидаттары мен 10 PhD докторлары ғылыми жұмыстарын сәтті қорғаған, бұл университетіміздің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми дәрежелігін артуына ықпал етіп отыр.

Профессор-оқытушылар құрамы ғылыми еңбектерін монография ретінде және де ғылым журналдарда, Scopus және Web of Science базасына енетін журналдарға да үнемі жариялап отырады. Осындай тыңғылықты еңбектің нәтижесі ретінде университет бойынша факультет оқытушысы Есимбеков Жәнібекте индекс хирша көрсеткіші 17-іні құрайды.

Осы күнге дейін университет бойынша 58 Қазақстан Республикасының «ЖОО үздік оқытушысы» болса, оның 18-і біздің факультет оқытушыларының болуы факультеттің тағы да бір үлкен жетістігі деп білемін. Сондай-ақ ҚР жетекші ғалымы, дарынды жас ғалымы мемлекеттік степендияларының иегерлері де осы факультеттен шығуда.

ҚР ҒК қаржыландырылған грантын ұтып алу мақсатында факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы ғылыми жобалар жазуда алдыңғы орындардан көрінеді. Осы оқу жылында университетте 4 ғылыми жоба жұмыс жасалып жатса, оның 2-уі осы факультеттен жүзеге асырылып отыр.

2007 жылы Елбасының бастамасы бойынша ұжымдық пайдаланудағы 15 зертхана және 5 ұлттық зертхана құру туралы шешім қабылданды. Осындай зертханалардың бірі Шәкәрім атындағы университет базасында құрылды. 2008 жылы пайдалануға берілген зертхана заманауи жабдықтармен жабдықталған.

Қазіргі уақытта профессор А.К. Какимовтың басшылығымен Шәкәрім университетінің докоранттары мен магистранттарының қатысуымен гранттық қаржыландыру, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобалары, сондай-ақ Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми зерттеу институты Семей филиалымен бірлесіп ет және сүт өнеркәсібін коммерциаландыру жобасы орындалуда.

Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай біздің жаңадан ашып жатқан ғылыми зертханаларымыз университеттегі Ғылыми мектептердің ғылыми зерттеулерінің сапасын арттыратыны сөзсіз, осының нәтижесінде университеттің ғылыми және кадрлық әлеуеті артады, сондай-ақ университетіміздің ғылыми, материалдық-техникалық базасы нығаяды.

Факультеттегі білім беру бағдарламалары бойынша қаламыздағы, Қазақстандағы, тіпті алыс-жақын шетелдердегі өндірістік базалармен, ғылыми орталықтармен және ЖОО-мен меморандум, келісімшарт бекітілген. Ол студенттер мен оқытушылар арасында академиялық ұтқырлық, ғылыми тағылымдамадан өту сияқты сапалы білім алмасуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда ауыл шаруашылығындағы инновациялар әлемінің көптеген елдерінің дамуының басым бағыты болып табылады.

Елбасының Жолдауында аграрлық секторға мемлекеттік қолдау көрсетудің жаңа механизмдерін әзірлеу, сонымен қатар мал өсіру, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру міндетті қойылған.

Қазіргі таңда жастардың бір маман иесі болып қана қоймай, өзі таңдаған мамандығын жан-тәнімен сүюі де маңызды деп есептеймін. Мамандығына шын берілген жандар кез келген саланың аяққа тұрып, дамуына өз үлесін қосатыны анық.

Болашақ мектеп түлектеріне мамандық таңдауда сәттілік тілеймін!

Жоғарыда айтып кеткен факультет жетістіктері ол бірнеше жылдың жемісі. Ағымдағы жылы факультетіміздің 60 жылдық мерейтойын атап өту жоспарлануда.

***Айгүль БАУЫРЖАНОВА***
***Инженерлік-технологиялық факультетінің декан орынбасары***





# ӘМБЕБАП МАМАНДЫҚТАР ФАКУЛЬТЕТІ ШАҚЫРАДЫ!










Мәдениет пен білімнің ордасы, көне Семей шаһарының Абай облысының орталығы болып бекітілуі – тоқсан жылдан артық тарихы бар, республикамыздағы жетекші оқу орындарының бірі Шәкәрім университеті үшін де зор қуаныш. Бұл жаңалық – еліміздің түкпір-түкпіріне сапалы мамандар дайындап отырған білім ордасының жауапкершілігін еселей түсіп, тың серпіліс әкелгендей.

Шәкәрім шаңырағындағы Гуманитарлық-экономика факультетін «Әмбебап мамандықтар факультеті» деп атаса да болады. Педагогикалық, өнер, тарих, экономика бағыттарын қамтитын 4 кафедра бүгінде 25 білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындауда.

Болашақ **Тарих пәні** мұғалімдерін даярлау білім берудің үш сатылы деңгейі бойынша, бакалавр: **6В01601 «Тарих»; Магистратура: 7М01601 «Тарих»; докторантура: 8D01601 «Тарих»** жүзеге асырылады. Басты ұстаным – педагогикалық бағыттағы тарих мамандарының бойында қоғамның талаптарына сай құзіреттіліктерді қалыптастыру. Бұл мамандықта сапалы білім алудың ең маңызды ерекшеліктері қарастырылған:

- Білім берудің үш сатысын: бір кафедрадан игере алу мүмкіндігі;
- Республикаға танымал ғылыми-әдістемелік тәжірибесі мол профессорлық-оқытушылық құрамнан білім алу мүмкіндігі және Республикаға танымал тарихшы-ғалымдардың дәріс оқып, ғылыми жетекшілік етуі;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша алыс және жақын шет елдерде оқу мүмкіндігі және практик-мамандар мен шетелдік ғалымдарының дәріс оқуы;
- Дуалды оқыту жүйесі;
- Техникалық материалдық базасы жоғары деңгейегі дәрісханаларда білім алу мүмкіндігі;
- Археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілуі.

**«Педагогика және психология»** кафедрасы төрт білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісін жүзеге асырады: **6В01101 «Педагогика және психология», 6В01201 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 6В01301 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» және 6В03102 «Психология».**

«Педагогика және психология» кафедрасында 7 оқытушы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері болса, практикалық сабақтарды өткізуге өндірістік тәжірибе оқытушылары да шақырылған. Кафедраның басты ерекшелігі, еліміздің және алыс-жақын шетелдік көптеген жетекші университеттерімен тығыз байланыста.

**«Экономика және қаржы»** кафедрасында: 10 ғылым кандидаты, 3 PhD докторы және 3 «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегерлері қызмет атқарады. Кафедраның мақсаты – халықаралық стандарттарға сай жоғары білімі бар мамандарды дайындау.

Кафедра жұмыс берушілердің сұраныстары мен ұсыныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, жаңартып отырады. Бүгінгі таңда кафедра: **6В04108 «Экономика және менеджмент»; 6В04106 «Менеджмент business administration», 6В04107 «Менеджмент/Bachelor of hotel Management», 6В04109 «Бухгалтерлік есеп және қаржы»** білім беру бағдарламалары негізінде мамандар дайындайды.

**«Өнер және музыка» кафедрасы** бакалавр деңгейі бойынша: **6В01402 «Музыкалық білім»; 6В01405 «Бейнелеу өнері, көркем еңбек және графика»; 6В02101 «Дизайн»;** Магистратура деңгейі бойынша: **7М01402 «Музыкалық білім»; 7М01403 «Бейнелеу өнері, көркем еңбек және графика»** білім беру бағдарламалары негізінде дайындайды. Кафедрада 5 педагогика ғылымдарының кандидаты, еңбек сіңірген мәдениет қайраткелері, ҚР Суретшілер одағының мүшелері, 6 ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, 1 Еуразиялық Дизайнерлер Одағының мүшесі еңбек етеді. Түлектеріміз Республикамыздың түрлі аймақтарында өз мамандықтары бойынша жұмыспен қамтылуда өте жоғары пайызды көрсеткіш көрсетуде және жоғары деңгейдегі түрлі биіктерді бағындыруда.

**Құрметті, ТАЛАПКЕР!** Өз өміріңдегі маңызды кезеңде сәтті шешім қабылдай біл! Біз сіздерді әмбебап мамандықтар факультетіне студент бола жүріп, жаңа облыстың дамуына бізбен бірге куә болуға шақырамыз! Қазақстанның білім көкжиегінде бірге самғайық!

***Гәкку АБЫЛКАСЫМОВА***
***Гуманитарлық-экономика факультетінің декан орынбасары***

## ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

| № | Білім беру бағдарламаларының тобы | Білім беру бағдарламалары | Бейіндік пәндер |
|---|---|---|---|
| 1 | B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | 6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті | Қазақ тілі мен әдебиеті |
| 2 | | 6B01706 - Қазақ тілі мен әдебиеті - ағылшын тілі | |
| 3 | B037 Филология | 6B02305 - Филология (казақ)-Журналистика | |
| 4 | B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | 6B01703 - Орыс тілі мен әдебиеті | Орыс тілі мен әдебиеті |
| 5 | B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау | 6B01705 - Шетел тілі: екі шетел тілі | Шетел тілі - Дүние жүзі тарихы |
| 6 | B036 Аударма ісі | 6B02302 - Аударма ісі | |

## ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

| № | Білім беру бағдарламаларының тобы | Білім беру бағдарламалары | Бейіндік пәндер |
|---|---|---|---|
| 1 | B050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар | 6B05102 - Биотехнология | Химия-Биология |
| 2 | B053 Химия | 6B05301 - Химия | |
| 3 | B068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі | 6B07202 -Азық-түлік өнімдерінің технологиясы | |
| 4 | B051 Қоршаған орта | 6B05201 - Экология | Биология-География |
| 5 | B054 Физика | 6B05303 - Техникалық физика | Математика-Физика |
| 6 | B057 Ақпараттық технологиялар | 6B06104 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету | |
| 7 | | 6B06105 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (Smart computing) | |
| 8 | B062 Электр техникасы және энергетика | 6B07103 - Жылу энергетикасы | |
| 9 | B063 Электр техникасы және автоматтандыру | 6B07104 - Автоматтандыру және басқару | |
| 10 | B064 Механика және металл өңдеу | 6B07105 - Технологиялық машиналар мен жабдықтар | |
| 11 | | 6B07106 - Машина жасау | |
| 12 | B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс | 6B07301 - Геодезия және картография | |
| 13 | | 6B07302 - Құрылыс | |
| 14 | B094 Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар | 6B11201 - Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау | |
| 15 | B095 Көлік қызметтері | 6B11303 - Логистика және тасымалдауды ұйымдастыру | Математика-География |

## ВЕТЕРИНАРИЯ ЖӘНЕ АГРОМЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ

| № | Білім беру бағдарламаларының тобы | Білім беру бағдарламалары | Бейіндік пәндер |
|---|---|---|---|
| 1 | B077 Өсімдік шаруашылығы | 6B08101 - Агрономия | Химия-Биология |
| 2 | B078 Мал шаруашылығы | 6B08201 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы | |
| 3 | B083 Ветеринария | 6B09103 - Ветеринария | |
| 4 | B079 Орман шаруашылығы | 6B08303 - Орман ресурстары және аңшылықтану | Биология-География |

## ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЭКОНОМИКА ФАКУЛЬТЕТІ

| № | Білім беру бағдарламаларының тобы | Білім беру бағдарламалары | Бейіндік пәндер |
|---|---|---|---|
| 1 | B001 Педагогика және психология | 6B01101- Педагогика және психология | Биология - География |
| 2 | B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 6B01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | |
| 3 | B003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 6B01301 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі | |
| 4 | B041 Психология | 6B03102 - Психология | |
| 5 | B006 Музыка мұғалімдерін даярлау | 6B01402 - Музыкалық білім | Шығармашылық емтихандар |
| 6 | B007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау | 6B01405 - Бейнелеу өнері, көркем еңбек және графика | |
| 7 | B031 Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны | 6B02101 - Дизайн | |
| 8 | B015 Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау | 6B01601 - Тарих | Дүние жүзі тарихы - География |
| 9 | B044 Менеджмент және басқару | 6B04108 - Экономика және менеджмент | Математика-География |
| 10 | | 6B04106 - Менеджмент Business administration | |
| 11 | | 6B04107 - Менеджмент / Bachelor of Hotel Management | |
| 12 | B045 Аудит және салық салу | 6B04109 - Бухгалтерлік есеп және қаржы | |

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

| № | Білім беру бағдарламаларының тобы | Білім беру бағдарламалары | Бейіндік пәндер |
|---|---|---|---|
| 1 | B009 Математика мұғалімдерін даярлау | 6B01501 - Математика | Математика-Физика |
| 2 | | 6B01502 - Математика-Информатика | |
| 3 | B010 Физика мұғалімдерін даярлау | 6B01504 - Физика | |
| 4 | B011 Информатика мұғалімдерін даярлау | 6B01507 - Информатика және робототехника | |
| 5 | B012 Химия мұғалімдерін даярлау | 6B01509 - Химия-Биология | Химия-Биология |
| 6 | B013 Биология мұғалімдерін даярлау | 6B01510 - Биология | |
| 7 | B014 География мұғалімдерін даярлау | 6B01512 - География-Тарих | Дүние жүзі тарихы - География |
| 8 | B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау | 6B01401 - Дене шынықтыру және спорт | Шығармашылық емтихан |

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТ**

**МЕКЕНЖАЙ: 071400, ҚР, АБАЙ ОБЛЫСЫ, СЕМЕЙ Қ., ГЛИНКА К., 20 а, 127 КАБ., E-MAIL: talapker@shakarim.kz**
**Байланыс телефондары: 8 (7222) 63-33-39, +7 775 759 4833, Call-center: 8 708 467 17 22**

## МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

| № | БББ тобының коды | Білім беру бағдаламаларының тобы | Білім беру бағдарламаның коды және атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | **M001** | Педагогика және психология | **7M01101** Педагогика және психология |
| | | | **7M01103** Білім берудегі көшбасшылық |
| 2 | **M002** | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | **7M01201** Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу |
| 3 | **M003** | Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау | **7M01301** Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі |
| 4 | **M005** | Дене шынықтыру педагогтерін даярлау | **7M01401** Дене шынықтыру және спорт |
| 5 | **M006** | Музыка педагогтерін даярлау | **7M01402** Музыкалық білім |
| 6 | **M007** | Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау | **7M01403** Бейнелеу өнері және сызу |
| 7 | **M010** | Математика педагогтерін даярау | **7M01501** Математика |
| 8 | **M011** | Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі) | **7M01502** Физика |
| 9 | **M012** | Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі) | **7M01503** Информатика |
| 10 | **M013** | Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі) | **7M01504** Химия |
